

"БАЛЫҚ" МЕМЛЕКЕТТІК АКЦИОНЕРЛІК КОМПАНИЯСЫН ҚҰРУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МИНИСТРЛЕР КАБИНЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ
1994 жылғы 4 мамыр N 472. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің 1995.02.14. N 157 қаулысымен.

Балық шаруашылығының кәсіпорындары мен ұйымдарын басқарудың тиімділігін арттыру және олардың қызметін мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитеттің кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде "Балық" мемлекеттік акционерлік компаниясы (бұдан әрі - Компания) құрылсын.

2. Компания Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитеттің мүлкітік құқықтары мен міндеттерін иеленуші болып табылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті:

Компания құрамына енгізілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың тізбесін белгілесін;

Компанияға Балық шаруашылығы жөніндегі комитет жүйесінің кәсіпорындары мен ұйымдары негізінде құрылған акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқығын заңда көзделген тәртіппен берсін.

4. Компания құрамына енгізілетін Қазмембалықфлотинспекциясының, оқу орындары мен ғылыми мекемелердің, питомниктерінің, шабақ өсіру шаруашылықтары мен балық заводтарының қызметін, сондай-ақ балық шаруашылық сутоғандарда балық өсіру-мелиорация жұмыстарын жүргізуді қаржыландыру республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне Компаниямен бірлесе отырып:

- Қазақстан Республикасында Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасына және "Агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік ауыл шаруашылық, дайындаушы, ұқсатушы және қызмет көрсетуші кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру

жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1137 Жарлығына сәйкес Компания құрамына енгізілетін кәсіпорындар мен ұйымдардың мемлекеттік меншігін қайта құруды жүргізу тапсырылсын. Құрылатын акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакеттерін мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың акционерленуіне қарай Компанияның иеленуіне, басқаруына және пайдалануына берсін;

- бір ай мерзім ішінде Компанияның құрылтай құжаттарын әзірлесін.

6. Компанияға:

тұжырымдамалар жасау, республиканың тұтыну рыногын молықтыру мақсатында балық шаруашылығын тиімді инвестициялық және ғылыми-техникалық саясат негізінде өндірістік және әлеуметтік дамыту бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асыру;

республиканың су айдындарында балық қорын көбейту мен тұрақты балық-шикізат базасын жасау жөніндегі ғылыми-өндірістік талдамаларды орындау мен енгізу жөнінде бірыңғай саясат жүргізу;

сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту, саланың өндірістік

базасын жаңғырту мен дамыту үшін шетелдік инвестицияларды тарту мен пайдалану;

республиканың балық шаруашылық су айдындарының биологиялық ресурстарын қорғау, көбейту мен ұтымды пайдалану шараларын әзірлеу мен жүзеге асыру мәселелерінде мемлекеттің мүдделерін білдіру және өз құрамына кіретін акционерлік қоғамдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру тапсырылсын.

7. Компанияға қатысты мемлекеттік басқару функциясын Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі жүзеге асырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

